

1999 жылғы 10 маусымдағы N 6-188 шешімінің күшін жою туралы

Алматы облысы Әкімінің 2000 жылғы 24 қарашадағы N 11-342 шешімі. Алматы облыстық Әділет басқармасында 2001 жылғы 18 қаңтарда N 278 тіркелді

РҚАО-ның ескертуі: Мемлекеттік тіркеу бұзылды - мемлекеттік тіркеуге жатпайтын ретінде Алматы облыстық әділет департаментінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 2-23/и-6065 хатымен (1998 жылғы 24 наурыздағы N 213 "Нормативтік құқықтық актілер туралы" ҚР Заңының 38 бабы).

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі белгілеген тәртіппен тіркелген Құрылыс істері жөніндегі комитеттің 2000 жылғы 17 сәуірдегі N 99 бұйрығымен бекітілген "Республиканың тұрғын үй ғимараттарын қайта жаңартуға (қайта жобалауға, қайта жабдықтауға) рұқсат беру процедурасын жүргізу ережелері" туралы республикалық бірыңғай тәртіптің қабылдануына байланысты облыс әкімі **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. "Алматы облысының аумағында пәтерлерді, үйдің жер қабаттарын, тұрғын үйлермен қосып салынған жайларды кәсіпкерлік қызмет объектілері етіп, қайта жобалау тәртібі туралы" облыс әкімінің 1999 жылғы 10 маусымдағы N 6-188 шешімінің күші жойылсын.

О б л ы с ә к і м і н і ң

міндетін атқарушы